ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 17-шілде Іс №1513-23-00-2/1164Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы С.Бектибаева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№65 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Рустам Жакыпович Есмагамбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
тараптар қатыспаған

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 26 сәуірінде №27мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 47 160 теңгеге саперлік күректышартқа қол қойғаннан кейін 15 жұмыс күн ішінде жеткізугеміндеттенген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2023 жылдың 22 мамырына дейін болып табылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылдың 9 мамырында төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қою арызымен жүгініп,онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкердімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танужәне сот отырысын талап қоюшының қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

2023 жылдың 3 мамырында талап қоюшы жоғарыда аталған тауарды техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне байланысты қабылдамаған, ол туралы жауапкерге кемшіліктерді жою туралы хат жіберілген.

Осыған орай,жауапкер талап қоюшыға тауарды ауыстырып, оны қайтадан әкелу міндетін бүгінгі күнге дейін мүлдем орындамаған.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 24.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Жусупов А. М., 04.09.2023

1513-23-3-1/1275

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№56 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Рустам Жакыпович Есмагамбетовтымемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Рустам Жакыпович Есмагамбетовтан жергілікті бюджет пайдасына 1 725(бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 24.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Жусупов А. М., 04.09.2023

1513-23-3-1/1275

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 24.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Жусупов А. М., 04.09.2023

1513-23-3-1/1275